

**ТҮРКІ ХАЛЫҚТАРЫ ТІЛІНДЕГІ ӘДЕТ-ҒҰРЫПҚА
БАЙЛАНЫСТЫ ЭТНОГРАФИЗМДЕР**
ETHNOGRAPHICISMS ASSOCIATED WITH THE TRADITIONS IN
THE LANGUAGE OF THE TURKIC PEOPLES

Мадина АБДУЛХАНОВА*

Түйіндеме

Қазақ тілі мен оның сөздік қорындағы сөздер талай замандар бойы дамып, жаңарып, бүгінгі қалыптасқан қалпына жетті. Мақалада этнос пен оның тыныс тіршілігі сөз тіркестерінен байқалатыны сөз етіледі. Қазақстанға келген оралмандар (Тәжікстаннан келген) тіліндегі этнографизмдердің пайда болу тарихы және салт-дәстүрге қарай ішінара топтарға бөліп қарастырылған.

Кілт сөздер: Аймақ, лингвистика, этнография, салт-дәстүр, лексикалық мағына.

Summary

The Kazakh language and its vocabulary for a long time developed, updated and reached its current state. The article analyzes the ethnos and its manifestations in phrases. The article also discusses the history of the emergence of ethnographisms and their partial division into traditional groups in the language of oralmen (Tajikistan) who came to Kazakhstan.

Key words: Region, linguistics, ethnography, customs and traditions, lexical meaning.

Халықтың танымы мен ақиқат дүниеге деген көзқарасы өмір тәжірибесіндегі, күнделікті тұрмыс-тіршілігіндегі жағдаяттарға негізделеді. Белгілі бір ақиқат дүниені тану оның жалпы сыртқы болмысы мен адамзатқа тигізер пайда-зиянын, әсерін байқау, бақылау, оны санада түйсіну, тәжірибеде қолдану секілді адами әрекеттерден кейін барып жүзеге асады. Танылған әрбір ақиқат дүние өзіндік ерекшелігіне қарай, белгілі бір айрықша қасиеттеріне қарай, пішімі

*Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Түркология ғылыми-зерттеу институты, Түркістан, Қазақстан.

Khoja Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University, Research Institute of Turkology, Turkestan, Kazakhstan, E-mail: madina_0271@mail.ru

мен адамға қалдырған әсеріне қарай тұрақты атауға ие болады. Көнеден келе жатқан төл ұлттық болмысымыздағы заттар мен құбылыстардың барлығы біздерге қалған этнографиялық мұра болып саналады. Осындай этнографиялық заттар мен құбылыстардың атауы тіл білімінде этнографизмдер деп аталады. Этнографизмдерді өз алдына зерттейтін арнайы ғылым – этнолингвистика. Әр халықтың, не ру-тайпаның, не жергілікті өңір тұрғындарының мекендеген жеріне қарай әдет-ғұрпында өзгешеліктер кездесіп қалып отырады. Ондай айырмашылықтарды сол өңірді мекендейтін тұрғындардың болмысынан, іс-әрекеттерінен, салт-дәстүрінен аңғаруға болады. Сондықтан да ел арасында «әр елдің салты басқа, аты кара қасқа» деген мақал бекер айтылмаса керек. Тәжікстандағы қазақтар тілінде де ондай өзгешеліктер баршылық. Әсіресе мұндай айырмашылықтарды үйлену, қыз ұзату салтында және басқа да жиындарда қолданылатын әдет-ғұрыпқа, ойын-сауыққа байланысты туындаған этнографизмдерден байқауға болады. Дегенмен, қазіргі таңда жаңа қырынан көріне бастаған тіл білімінің этнолингвистика саласының басқа салалардан өзгеше ерекшеліктеріне, қарастырып отырған өңірдегі әдет-ғұрыптарға байланысты атауларды, яғни этнографизмдерді зерттеудегі әдіс-тәсілдеріне тоқталуды жөн көрдік.

Тарихи категория деп саналатын этнолингвистиканың негізгі мақсаты – халықтың бүгінгі қалпын, қазіргі тіліндегі ерекшеліктерді емес, өткен өміріндегі тәжірибелерінен туған ұлттық болмысты, халықтық тіршіліктен туған мәдени ұғымдарды зерттеу. Сондықтан да ұлттық сөздік қорды, яғни көне төл тілімізді жаңғыртуда, көне этнографизмдерді жинақтап, толықтыруда бұл саланың маңызы зор. Қазақ тіл білімінде этнолингвист-ғалым ретінде танылған академик Ә. Қайдардың зерттеулері бойынша этнолингвистика саласы былай танылады: «Этнолингвистика, егер оның түп-тамырына тереңірек үңілсек, этнография мен лингвистиканың жай қосындысы емес, бір шаңырақ астында әрқайсысы өз бетінше тон пішіп, өзінің жырын жырлайтын шартты түрде ғана қосарланған дүние емес. Бұл ғылым саласының бір кереметтігі де, бүгінгі таңдағы ғылыми-практикалық маңызы да оның монолиттік тұтастығында, бір-біріне етене жақын, тіпті бірінсіз бірін түсінуге болмайтын объект екендігінде. Ол объект – этнос және оның тілі. Өйткені тілсіз этнос, этноссыз тіл өмір сүруі мүмкін емес... Этнос пен оның тілін этнолингвистика тұрғысынан қарастыру деген сөз оның сонау балаң кезінен есейгенге дейінгі барлық болмысы мен өмір-тіршілігін, дүниетанымы мен мәдени,

рухани байлығын ана тілінде сақталған фактілер мен деректер негізінде зерттеп білу және оларды бүгінгі таңның игілігіне асыру болып табылады. Өйткені, кез келген этностың тілінде оның басып өткен бүкіл ұзақ өмірінің өрнегі жатыр» (Қайдар, 1985: 6). Осы анықтаманы негізге алсақ, ұлттың төл тілін оның тарихымен, өмір тәжірибесімен, салт-дәстүрімен, таным-түсінігінен туындаған ырым-тыйымдарымен, наным-сенімімен, аңыздарымен сабақтастыра зерттеу этнолингвистиканың міндеттеріне қатысты деп ұғынылады.

Этнолингвист-ғалым Е.Жанпейісовтың пікірінше, этнолингвистика – эпосқа қатысты культурологиялық, этнологиялық, мифологиялық, лингвистикалық және фольклористикалық зерттеудің синтезі іспетті. Осы тұрғыдан алғанда этнолингвистика тіл ғылымының өзге салаларынан айрықша парықталатын тоғыспалы ғылым деп атауға болады (Жанпейісов, 1994).

Қазақ тіл білімінде этнолингвистикалық зерттеулер нәтижесінде біршама көне сөздердің ұмытылған мағыналары жаңғыртылып, ұмыт болған төл тілдеріміз қайтадан сөздік қорымыздың қатарына еніп жатыр. Этнолингвистиканың негізгі мақсаты – төл сөзіміздің қатарын молайту, оларды жаңғырту, қолданымдық аясын кеңейту. Осы тұрғыдан Р. Шойбеков, Ә. Ахметов, Ж. Манкеева, Р.Б. Иманалиева, А.Ж. Мұқатаев, С. Сәтенова, А.Жылқыбаева, Қ.Аронов, Б.Уызбаева, Қ.Ғабитханұлы, М.Мұсабаева, М.Атабаевалардың еңбектерін атауға болады.

М.С.Атабаеваның зерттеулерінде: «Этнолингвистикалық зерттеу – тіл байлығының, этнос болмысының мәдени, рухани дүниесін бейнелейтін мағлұматы бар сөздерін талдап зерделеп түсіндіру деген сөз, осы күні көпшілік түсіне бермейтін сөздердің арғы қабатында олардың пайда болуы, этнос тұрмыс-тіршілігіне қатысты ақпарат жатыр. Этнос болмысы – оның ғасырлар бойы қалыптастырған материалдық және рухани мәдениеті арқылы танылады, оны жеткізуші тілдік деректер», – деп көрсетіледі (Атабаева, 2006: 84).

Ал Қ. Ғабитханұлының пікірінше, этнолингвистика ғылымының негізгі міндеті – тіл байлығы негізінде халықтың рухани, мәдени өмірінің тарихын, салт-дәстүрі мен ұлттық дүниетанымын жан-жақты ашып көрсетіп, оны халыққа түсіндіру (Ғабитханұлы, 2006:14).

Бойында этностың әдет-ғұрпы, салт-санасы, тәжірибелік өмірі, мәдени, рухани құндылықтары, айнала қоршаған орта туралы таным-түсінігі, ақиқат дүниені тану қасиеттері мен қабілеттері байқалатын атауларды, яғни этнографизмдерді анықтау саласы этнолингвистика

деп саналады. Ал «этнографизмдер дегеніміз – тұрмысымызда болған, әлі де қолданылып келе жатқан күнкөріс бұйымдардың белгілі бір кәсіпке, шаруашылыққа, салт-дәстүрге, әдет-ғұрыпқа, наным-сенімге, баспанаға, киім-кешекке, ішер асқа, туыстық қатынасқа, ел билеу ерекшелігіне, заң тәртібіне, әдеттік құқыққа байланысты қолданылатын, халқымыздың тұрмыстық және тілдік өзіндік ерекшелігін көрсететін арнаулы атаулар мен сөз тіркестері (Манкеева, 1985: 17). Тіл өз бойында мазмұндық деректерді сақтап қана қоймайды, қайтадан жаңғырта алатын қандай да бір тетікті сақтап қалады. Олар лексикологиялық, фразеологиялық бірліктерден көрініс тауып отырады. Профессор Г.Смағұлованың пікірінше: «Егер тілде фразеологизмдер сақталмай, бізге жетпеген болса, қазақтардың рухани өмір сферасы қалай анықталып, қалай мәдени өмірге сүйеніп, пікір айтылар еді. Сақалын сипау – мораль этика үлгілері болса, қара шаңырақ – мұнда да мораль бар, әрі этнографиялық ұғым бар. Ал ат кекілін кесісу, ақ түйенің қарны жарылу – этнолингвистикалық білімді қажет етеді. Осыған орай, әр ұлт тілінің әлеуметтік қуаты арқылы мәдениет сақталады» (Смағұлова, 1998: 26).

Ал енді Тәжікстандағы қазақтардың әдет-ғұрпына қатысты атаулардың этнолингвистикалық мәніне келетін болсақ, сол өңірде өмір сүрген, әлі де өмір сүріп келе жатқан қандастарымыздың тұрмыс-тіршілігінде қалыптасқан атаулардың да этнографизм ретінде танылуына негіз бар. Себебі, бір этнографизмді қарастыру арқылы шет өңірде жүрген қандастарымыздың тұрмыс-тіршілігіндегі ерекшеліктерді, танылмай жүрген дәстүр, салттарын жаңғыртуға болады. Тәжікстан қазақтарының әдет-ғұрып, салт-дәстүрінен қалыптасқан этнографизмдерді бірнеше топқа бөліп қарастырдық. Олар:

1. Үйлену, қыз ұзату салтына байланысты этнографизмдер;
2. Сүндет тойға байланысты этнографизмдер;
3. Басқа да жиын-тойларға байланысты этнографизмдер;
4. Өлім-қазаға байланысты этнографизмдер.

Үйлену, қыз ұзату салтына байланысты этнографизмдер. Үйлену салтында бұл өңірде Қазақстанның басқа өңірімен салыстырғанда өзгеше айтылатын сөздер де ұшырасады. Біз бұл топтағы этнографизмдерді өтетін уақытына қарай тізбектеп беруге тырыстық.

Пәтір сындыру – жігіт жағы мен қыз жағы айтқан қалыңын беріп, ризашылығын алып уәделесу.

Жыртыс – күйеу жақтан құда түсіп барғанда қыз жағындағы құда-жекжаттарының беретін тарту таралғысы, сыйы.

Күйеу келді – күйеу алғаш рет қалыңдығына барғанда, оның қалтасына салынған тарту-таралғылар ақша т.б. асыл заттар.

Қыз танысу – тойдан бұрын бірінші болып қыздың қайынсіңлілері қыздың үйіне барып, болашақ келіннің жасау жабдықтарын қарау, көңілді кеш өткізу. Ал қазақтың негізгі дәстүрі бойынша, ұзатылатын қыз өз босағасынан аттанардан бұрын жеңгесін ертіп туған-туыстарын аралайды. Мұны дәстүр бойынша «қыз танысу» дейді. Қыздың барған үйі оған құрмет көрсетіп, жақсы тілектер тілеп, бағалы киім, дүние-мүлік, жақсы тағамдар беріп аттандырады. Бұл бұрын халық арасында өте жарасты дәстүр болып қалыптасқан.

Қыздың боқшасын көру – (болашақ) қайынсіңлілер қалыңдықтың үйіне барып, болашақ жеңгесінің жасауымен танысу салты.

Қыз қашар – жігіт жағы қызды алып кетпек болғанда, оларға бөгет болып жол-жоралғысын алу салты. Ал қазақтың өзінің тұрмыс-салтында *қыз қашар* деп қыздың атастырылған күйеуін көруді айтады. «Былайша қыз қашар дәстүрін өткізетін үйді «болыс үй» дейтін көрінеді» (Х.Арғынбаев). Бұл «ұрын тойы» өтетін күні болады. «Ұрын той» жастар үшін көңілді, думанды тойлардың бірі. Бұған жас жеңгелер мен жастар қатынасады. Күйеуден алынатын «қол ұстатар», «шаш сипатар», «қыз құшақтар», «арқа жатар», «көрпе қимылдатар» тағы сол сияқты кәделер осы жолы беріледі. Екі жастың бірін-бірі көріп, тілдесуі де осы тойда болады. Екеуі де бірін-бірі ұнатып, қалыңдық жігітке қыз белгісі – орамалын және оның іні-қарындастарына да түрлі сыйлықтар береді (Кенжеахметұлы, 2004: 19).

Жаушы жіберу – қызды күйеу бала алып қашқанда, оның қайда кеткенін білу үшін соңынан іздеуші жіберу.

Қолмен бару – қыздың жасау-жабдығымен баруы. Мысалы, *Әкем арқасында өзім қолмен барғанмын.*

Құр қол келу – тұрмысқа шыққан қыздың жасау-жабдықсыз баруы.

Шипа – құдалық. Мысалы, *Шипаға барып келдік.*

Күйеу табак – күйеуге арналған табак. Күйеу табакқа ақша салады, одан басқа сый-сияпаттары да болады;

Тоғыз-тоғыз апару – құдалыққа барғанда барлық сыйын тоғыз-тоғыздан апару салты. Мәселен, білезік – тоғыз, жүзік – тоғыз, айна – тоғыз...

Тоғыз сарпай // тоғыз киіт – құдалыққа барғанда берілетін тоғыз киіт (келген кісі, санына қарамай берілетін ерлер үшін тоғыз, әйелдер үшін тоғыз киіт).

Құдаша киіт – тоғыз киіт үстіне қосымша қыздар үшін берілетін киіт.

Қыз той – қыз ұзату тойы, қызды күйеуге беру тойы.

Күйеу салам – жас-жұбайлар құжат арқылы тіркелген күннің ертеңіне қыздың үйінде болатын той, сауық кеш. Күйеу салам күні қыз жағы күйеуді көреді.

Босаға аттар – тұрмысқа шыққан қызды күйеу баланың үйіне қыздың нағашысы алып барады. Келін босағадан оң аяғымен аттап кіріп тоқтайды. Содан келін сәлем салады. Енді жігіт жағы қызды көреді. Мұнда көрімдік беріледі.

Тәтті шай – құдалармен жақын танысу үшін берілетін тағам, қонақасы. Мысалы, *Осы айда құдаларды тәтті шайға шақырамыз.*

Сүндет тойға байланысты этнографизмдер.

Пішу – баланы сүндетке отырғызу. Баланы тақ санда сүндетке отырғызған дұрыс. «Баланы сүндеттеу – үлкен рәсім. Ол – әр ата-ананың борышы. Сүндеттеудің міндеті бұрын қожа, молдаларға ғана тапсырылатын болған» (Кенжеахметұлы, 2004: 80).

Ұл той – сүндет той, сүндетке отырғызу тойы. Мысалы, *Бүйерде ұл той жиі болып тұрады.* «Бұрынғы кезде ауқатты адамдар бала сүндеттегенде үлкен той жасаған. Оны «сүндет тойы» деп атайды. Бұл дәстүр оңтүстікте әлі де сақталған» (Кенжеахметұлы, 2004: 80).

Жалғыз көп болсын! – баланы сүндетке отырғызғанда ол бір үйдің жалғыз ұлы болса, келуші ағайын ұл балаларын ала келіп, «жалғыз бала көп болсын!» деп ниет-тілегін білдіру;

Басқа да жиын-тойларға байланысты этнографизмдер.

Қонық – жиын-той болатын үйге бір күн бұрын барып қонақ болып жатуы. Жиынның алдыңғы күні берілетін қонақасы. Мысалы, *Мен қоныққа кеттім.*

Мәслихат той – той жасау алдында кеңесу үшін өткізілетін кеш. Қарақалпақ қазақтарының тілін зерттеген Б. Бекетов бұл сөздің мағынасын былай ашады: «мәсләхат той // кеңес той – той беретін үйдің той болмастан бұрын жақын ағайын туыстары мен көршілеріне мал сойып беретін қонақ асы. Бұнда жиналғандар болатын тойдың күнін, тойда қызмет істейтін адамдарын белгілейді (Бекетов, 1992: 106).

Қатым құран – той алдында мал сойылып, оқылатын құран.

Жиен табақ – жиенге арналған арнайы табақ.

Көшегеп – ауыл әйелдерінің шағын дастарханда бас қосу жиыны, көңіл көтеріп әңгімелесуі. Мысалы, *Ендігі көшегеп біздікінде болар*. Қазақтың ескі дәстүрінде «абысын асы» деген салт болған. «Бұрын бір ауылдың әйелдері яғни абысындар күнделікті өмір күйбеңімен ертелі-кеш үй шаруасында жүреді. Олар ата-ененің, күйеуінің рұқсатынсыз ешқайда шыға алмайды. Кейде ауыл адамдары айтқа, тойға, қазаға үлкен-кішісі аттанып кетеді де, ауылда тағы да сол әйелдер қалады. Абысындардың еркіндеп қалатын кезі міне осы сәт. Олар мұндайда өздері бір үйге бас қосып, жылы жұмсағын қазанға салып, шәй қойып өздері бір кеш сауық жасайды, өлең айтады, бой көтереді, сырласады. Дастарханды кең жайып дәм татады. Міне, осы бас қосу, осындағы дәм «абысын асы» деп аталады. Бұл да қазақ әйелдерінің ырысты ынтымағының көрінісі болатын (Кенжеахметұлы, 2004: 103).

Құрсақ шашу – жаңа түскен келін екіқабат болып, іштегі баласы екі-үш ай болғанда жасалатын қуаныш кеші. Бұл дәстүрлі кештің мәнісі жас келін қысылып ұялмасын, тіл-көзден сақтасын деген ой.

Бестің шәйі – бесін ауғаннан кейін ішетін шәй;

Тұз тату – дәм тату, тамақтан ауыз тию. Мысалы, *Тамақтан тұз татыңыздар!*

Патиясын алу – батасын алу, алғысын алу. Мысалы, *Құдаларға барып, патиясын алып келдік*.

Дуасын алу – батасын алу. Мысалы, *Он халықтың дуасын алды*.

Халықтың кәдиесі – халықтың әдет-ғұрпы, салты. Мысалы, *Бұл жердің халқының кәдиесі осындай*. Бұл тіркестегі *кәдие* сөзі тіліміздегі «жоралғы» мағынасында қолданылатын *кәде* сөзінің жергілікті жерде өзгеріске ұшыраған түрі. Қазақ халқы үшін «кәде – ойын-тойдың әсіресе құдалық, келін түсіру тойларының гүлі, ажары. Оны сұрауға, талап етуге әркімнің хақы бар. Кәде жасамау – дәстүрді сыйламау, яғни ел заңын бұзу деген сөз. Ұлт мәдениетінде кәде түрлері өте көп және оның ереже, жолы, заңы бар. Оны бұзуға болмайды. Кәдеге тоқтау жоқ, дәлел жүрмейді, сөз етпейді. Кәде беру – міндет. Өйткені жазылмаған заңымызда «ат өлсе де, кәде өлмейді» деген атамыздан қалған аталы сөз бар. Кәде «той кәделері», «құдалық кәделер», «балаға арналған кәделер» және «қаза кәделеріне» бөлінеді (Кенжеахметұлы, 2004: 139).

Таңшерік – қойды ортақтасып сатып алып жеу. Диалектологиялық зерттеулерге қарағанда бұл сөздің айтылуы

Қазақстанда және одан тыс басқа өңірлерде айтылуы әртүрлі. *Таңшерік* сөзінің орнына Жамбыл, Қызылорда, Қарақалпақстанда *деңгене*, Шығыс Қазақстанда *жіліктеме*, ал Орал, Павлодар, Қостанай, Көкшетау облыстары тұрғындары тілінде *деңгене* сөзі айтылады (ҚТАС).

Бұл өңірде әдет-ғұрыпқа байланысты сөздің бірі – **асар**. Тәжікстан қазақтарының сөйленісінде бұл сөзді «асыр» деп айтады. Мағынасы – «көмек, жәрдем» деген сөз. Мысалы, *Асыр қыла қалса, көп жеңіл болар еді*. Ә.Нұрмағамбетовтің зерттеуі бойынша, *асар* сөзі «белгілі бір жұмысты тез аяқтау үшін, көп адамды көмекке, жәрдемге шақыру» деген мағына береді. Сонымен қатар белгілі ғалым бұл лексеманың шығу тегі турасында мынадай мәліметтер береді: «"Асар" сөзінің этимологиясы жөнінде бір зерттеуші: «асу» (тамақ асу мағынасында) етістігі болуы тиіс» деп жорамалдайды (ҚТТДМ, I, Ж.Бол., Ұзынағаш..., 168). Бұл сөз «асу» етістігінен емес, түркі тілдерін былай қойғанда, тунгус-маньчжур тілдерінде де бар «пайда», «олжа» іспеттес мағыналарды беретін – «асы» түбірінен өрбісе керек. Көне түркі жазба ескерткіштері де осыған жетелейді: асығ – пайда (С.Мал., ПДПМК, 90); асығ – олжа, пайда (А.Бор., ЛСТ, 61; БЛ, 63; Э.Над., ИССТЯ XIV, I, 199, 201); асы – пайдалы, тиімді, пайда, олжа (ИДТЯ, 269). «Асы» сөзінің түбірі түркі, сондай-ақ тунгус-маньчжур тілдерінде «олжа» мағынасын беріп қана қоймайтындығын мына деректер құптай түседі: астас – бір нәрсе жасауға көмектесу (Э.Пек., СЯЯ, I, 174); түрікше: «а:сый вөр»; өзбек тілінің диалектісіндегі «ас гөр» тіркестері «пайда келтіру» мағынасында қолданылады. Маньчжур тілінде: айси – пайда, олжа; жәрдем беру (ССТМЯ, I, 22). Келтірілген тілдік деректерден байқайтынымыз – «асы» сөзінің алғашқы мағынасы – көмек, жәрдем беру, ал «пайда», «олжа» кейінгі, туынды мағына. Бұл сөздің өзбек тілі диалектісінде «пайда келтіру» мағынасы қалай сақталса, қазақ тілінің кейбір жергілікті ерекшеліктерінде оның (асы) «көмек», «жәрдем» мағыналары із қалдырған. Сөйтіп, «асар» сөзі мына өзгерістерді басынан өткізіп, пайда болған: асы>асы вәр ~ ас гөр > ас (г) өр > ас ор > асар» (Нұрмағамбетов, 1985: 10-11).

Қазақ тілі сөйленістерінде *асар* орнына әртүрлі сөздер қолданылады. *Асар* сөзінің баламасы ретінде Ақтөбе, Орал өңірінің және Сыр бойындағы тұрғындар тілінде *үме* сөзі қолданылса, көрші түркі тілдерінде басқа сөздер қолданылады. Қырғыз тілінде *ашар* сөзі айтылып, «көмек, жәрдем» мағынасында қолданылады (Юдахин,

1965: 84), өзбекше – хашар.

Енді бір атқарылатын әдет-ғұрыптар – егін бастырып, қырманда жиын-терін болғанда сұрап келушілерге берілетін қолүздік. Қолүздік деген қазақ халқының тұрмысында қалыптасқан еңбек жоралғысы. «Мал сойысқанда, кілем тоқу, текемет басу, іс тігу сияқты қолмен атқарылатын жұмыстарға ауылдың қолы шебер еркек, әйелдері тікелей араласып, қол ұшын береді, жәрдемдеседі. Іс аяқталған соң отанасы осы жұмысқа қатысқандарға «қол үздік» деп аталатын кәде береді. Яғни атқарылған істен артық қалған ине-жіп, жүн-жұрқа, түбіт, тарамыс тағы басқа ұсақ-түйектер үлестіріледі немесе басқа да заттар береді. Бұл да ұлттық жарасымды кәде және ол әркімнің еңбегін бағалаудың қарапайым белгісі» (Кенжеахметұлы, 2004: 205).

Бидайды қырманға салғанда, оны үш бөлікке бөледі. Оның біреуі *аңқұла* деп аталады. *Аңқұла* құран оқыған кісілерге беріледі.

Кепсен – қырман бастырып жатқанда, көмек, жәрдем сұрап келгендерге берілетін үлес. Оны ағаш күрекпен салып береді.

Қырман түбі – қырманның соңғы жағындағы қалған астықтың сұрап келушілерге беретін бөлігі.

Диханшылық – қырманда жиын-терін болып жатқанда астық сұрап келгендерге беретін үлес.

Бидай ұшық – қырман басына ізгі тілек айтып келген кісілерге сый-сияпат ретінде егін түсімінен берілетін үлес. Бұл кәдені Қазақстанның әр жерінде әртүрлі атайды. Шығыс Қазақстан және Ауған, Иран тұрғындары тілінде *кепсек* деп айтылса, Қызылорда, Жамбыл облыстарында *кеусен* сөзі қолданылады.

Өлім, қазаға байланысты этнографизмдер.

Пейсенбілік – бейсенбі күні құран оқылып өтілетін жиын. Пейсенбілік – негізінен оңтүстік өңіріне тән қаралы үйде атқарылатын діни мәні бар шара. Қаза болған үйде 40 не 100 күнге дейін әр аптаның бейсенбі күндері туған-туыстар жиналып, дастархан жайып, өлген кісіге арнап құран оқылады.

Құран шығарту – өлген кісіге арнап құран оқу.

Жерге түскен күн – жерленген күн. Мысалы, *Оразалының бүгін жерге түскен күні*. Кейде «жамбасы жерге тиген күн» деп те айтылады.

Демек, кез келген этнографизм халқымыздың заттық мәдениетінен сезілуімен қатар, рухани тіршілігінен, яғни салт-санасынан, әдет-ғұрпынан, наным-сенімінен де көрініс тауып отырады.

ӘДЕБИЕТТЕР

- Атабаева М. С. (2006). *Қазақ тіліндегі диалектілік лексиканың этнолингвистикалық негізі*: филол. ғыл. докт... дисс.: 10.02.02. – Алматы, – 283 б.
- Бекетов Б. (1992). *Қарақалтақ қазақтарының тілі* (Қарақалпақстан Республикасының оңтүстік аудандарындағы қазақ тілі говоры). – Алматы: Рауан, – 128 б.
- Ғабитханұлы Қ. (2006). *Қазақ мифологиясының тілдегі көрінісі*. – Алматы, – 166 б.
- Жанпейісов Е. *Этнолингвистика // Ана тілі*. – 1994. 23 мамыр.
- Кенжеахметұлы С. (2004). *Қазақ халқының салт-дәстүрлері*. – Алматы: «Алматыкітап» АҚҚ, – 284 б.
- Қайдар Ә. *Этнолингвистика // Білім және еңбек*. – 1985. – №10.
- Манкеева Ж.А. *Қолға алынған келелі іс // Білім және еңбек*. – 1985. – № 9. – 17 б.
- Нұрмағамбетов Ә. (1985). *Жергілікті тіл ерекшеліктерінің төркіні*. – Алматы: Мектеп, – 160 б.
- Смағұлова Г. (1998). *Мағыналас фразеологизмдердің ұлттық мәдени аспектілері*. – Алматы – 196 б.
- Юдахин К.К. (1965). *КРС - Киргизско-русский словарь*. К.К.Юдахин. - М.

Резюме

Казахский язык и его словарный состав в течение долгого времени развивался, обновлялся и достиг сегодняшнего состояния. В статье говорится об этносе и его проявлениях в словосочетаниях. В статье также рассматривается история появления этнографизмов и их частичное разделение по традиционным группам в языке оралманов (Таджикистан), которые приехали в Казахстан.

Ключевые слова: Регион, лингвистика, этнография, обычаи и традиции, лексическое значение.

(Абдулханова М. Этнографизмы, связанные с традициями в языке тюркских народов)

Özet

Kazak Türkçesi ve onun sözcüklüğü uzun bir süreç içinde gelişip, güncellenerek halihazırdaki duruma ulaştı. Makalede, etnos ve onun ifadelerdeki tezahürleri yer almaktadır. Ayrıca, makalede, Kazakistan'a göç eden oralmanların (Tacikistan Kazakları) dilindeki etnografik özelliklerinin oluşum tarihi ve bunların geleneksel gruplara kısmi bölünmesi anlatılmaktadır.

Anahtar kelimeler: Bölge, dilbilim, etnografya, gelenek ve görenek, leksikal anlam.

(Abdulhanova M., Türk Halklarının Dilinde Geleneklerle İlgili Etnografik Özellikler)